

«ABYRCOI SCHOOL Oral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

өзін-өзі бағалаудың ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қорытындылар:

- Мектеп өз қызметін «Білім туралы» Заңның 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады;
- Мектепте тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімдері бар педагогтар кәсіптік қызмет атқарады;
- Педагогтар біліктілік санатының деңгейін бес жылдан (оның ішінде басшылық құрам үш жылдан) бір реттен сиретпей арттырып немесе растау рәсімінен өтеді;
- Педагогтар (оның ішінде басшылық құрам) үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру өтеді;
- Педагогтар кәсіптік қызметті жүзеге асыруда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарын басшылыққа алып тәрбиелеу мен білім беруді ұйымдастырады;
- ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптар орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілуде;
- Ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасалуда;
- Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптардың орындалуы талап етіледі;
- «Kundelik.kz», «Bilimklass» электронды журналын жүргізуде сын ескертпелерді түзей отырып, жыл бойы (Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау, формативті бағалау, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында мереке күніне сәйкес келетін күндерді кіріктіру, белгілі себептермен сабақтан қалған оқушыларды белгілеу, вариативті компоненттер есебінен тандаған оқу пәндері бойынша «есептегінді» белгіні қою) қатан бақылауға алынған;
- Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Пән кабинеттері ішінара жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.

Ұсыныстар:

- Мектеп өз жұмысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» талаптарын толық басшылыққа алу;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 «Қазақстан Республикасындағы

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрықтарының талаптарын толық орындау;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарын орындау;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарын толық орындау;
- білім саласына қатысты нормативтік-құқықтық актілерді тиісті деңгейде басшылыққа алып, оның орындалуын талап ету;
- білім беру қызметін жүзеге асыру барысында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердің тиісті деңгейде қолданылуын қамтамасыз ету үшін педагогтерге әдістемелік көмек беру.

Мектеп директоры

Рамазанов А.А.

